



Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің білім беру саласында ақпарат алмасу жөніндегі келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 желтоқсан N 1733

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 31 мамырда Минск қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің білім беру саласында ақпарат алмасу жөніндегі келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
білім беру саласында ақпарат алмасу туралы
КЕЛІСІМ

(Ресми емес аударма)

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
білім беру саласында ақпарат алмасу туралы
КЕЛІСІМ

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері, одан әрі - Тараптар,

1997 жылғы 17 қаңтардағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бірыңғай (ортақ) білім беру кеңістігін құру жөніндегі ынтымақтастық туралы U990187_ Келісімге негізделіп,

1992 жылғы 15 мамырдағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімнің ережелерін назарға ала отырып,

1996 жылғы 18 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы ақпараттық кеңістігін құру Тұжырымдамасының ережелерін басшылыққа ала отырып,
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттер арасындағы білім беру, ақпараттық кеңістікті қалыптастыру саласындағы көп тарапты және екі жақты келісімдерді тиімділікпен орындау мақсатында
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар тұрақты негізде білім беру, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау мен аттестаттау саласында ақпараттармен алмасады.

2-бап

Тараптар білім беру, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау саласындағы өздерінің ұлттық ақпараттық ресурстарын пайдалана отырып, тиімді ақпарат алмасу жүйесін құруға арналған шараларды жүзеге асырады (іске асырады)
ж ә н е :

бірлесіп пайдалану үшін ашылған білім беру, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау мен аттестаттау саласындағы ұлттық ақпараттар ресурстарын;
берілетін ақпараттың сәйкестендірілген параметрлерін;
ақпарат пайдаланушы - субъектілердің тізбесін;
ақпарат алмасудың құқықтық режимін белгілейді.

3-бап

Тараптар Беларусь Республикасында жасалған "ТМД-дағы білім беру" серверін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының "ТМД-дағы білім беру" сервері деп таниды және ондағы ұлттық ақпараттық материалдарды уақытылы беру мен жаңартуға шаралар қ о л д а н а д ы .

Тараптардың уәкілетті органдары қажет болса ақпараттық-нормативтік базаны тарату мен жариялауға жауапты мемлекетаралық ақпарат орталығын (агенттігін) құрудың орындылығы туралы мәселені қарайды.

4-бап

Т а р а п т а р :

Білім беру, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау мен аттестаттау саласындағы негізгі ақпараттық алмасу бағыттарының тізбесі (қоса беріліп о т ы р) ;

Тараптардың қолданыстағы ақпараттық-коммуникациялық ресурстарын, сондай-ақ жаңадан құрылатын байланыс жүйелерін пайдалану негізінде білім беру, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау мен аттестаттау мәселелері туралы ақпарат а л м а с а д ы .

5-бап

Тараптар білім беру, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау мен аттестаттау саласында бірлесіп пайдалану үшін белгіленген ұлттық ақпарат ресурстарына өзара қолжетімділікті және ТМД Атқарушы комитетінің, ТМД-ға қатысушы-мемлекеттер Парламентаралық Ассамблеясының, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы органдарының қолжетімділігін қамтамасыз

етеді, оларды өзекті (бақылаудағы) қалпында қолдайды.

6-бап

Тараптар білім беру ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және аттестаттау саласында электрбайланыс желілері бойынша немесе қағаз жүзіндегі қажетті ақпаратты пайдаланушы-субъектіге беру арқылы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жұмыс тілінде беру жолымен ақпараттар алмасады.

7-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру жөніндегі Тараптардың өзара іс-қимылын үйлестіруді Беларусь Республикасы жүзеге асырады.

8-бап

Осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер мүдделі Тараптардың құзыретті органдарының арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

9-бап

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар жекелеген хаттамалар түрінде Тараптардың ортақ келісімімен енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің 12-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

10-бап

Тараптардың әрқайсысы осы Келісім қолданылған уақытта туындаған міндеттемелерді реттей отырып, шығудан ең кемі алты ай бұрын депозитарийге жазбаша хабарлама жібергеннен кейін ғана осы Келісімнен шығуына болады.

11-бап

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер де Тараптар өзге шешім қабылдаса, келесі бесжылдық кезеңдерге өздігінен ұзартылады.

12-бап

Осы Келісім оған қол қойылған күннен бастап, ал заңнамалары оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалуын талап ететін Тараптар үшін депозитарийге тиісті хабарлама берілген күннен бастап күшіне енеді. Мұндай рәсімдердің қажеттілігі туралы Тараптар осы Келісімге қол қойылған кезде немесе осы

Келісімге қол қойылған сәттен үш ай өткенше депозитарийді хабарландырады.

13-бап

Осы Келісім депозитарийге бұлайша қосылу туралы құжаттарды беру

жолымен оның мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін, оған қатысқысы келетін басқа да мемлекеттер үшін ашық. Депозитарий әрбір жаңадан қосылғандар туралы осы Келісімнің Тараптарын хабардар етеді.

Минск қаласында 2001 жылғы 31 мамырда бір данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа дана осы Келісімге қол қойған мемлекеттердің әрқайсысына оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

Әзербайжан Республикасының Үкіметі үшін /ерекше пікірмен/

Армения Республикасының Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының Үкіметі үшін

Грузия Республикасының Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін

Молдова Республикасының Үкіметі үшін

Ресей Республикасының Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін

Түрікменстан Республикасының Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін

Украина Республикасының Үкіметі үшін

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына

қатысушы-мемлекеттердің білім
беру саласында ақпарат алмасу
туралы Келісімге қосымша

Білім беру, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау

мен аттестаттау саласындағы негізгі ақпараттық алмасу
бағыттарының тізбесі

1. Нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттары.
2. Статистикалық ақпарат.
3. Білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы материалдары.
4. Ұлттық білім беру құрылымдары қатысатын халықаралық жобалар туралы материалдары.
5. Білім беру, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және аттестаттау мәселелері жөніндегі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалар жиыны мен тізімі.
6. Жоспарланған іс-шаралар туралы ақпарат (көрмелер, семинарлар, конференциялар).
7. Білім беру бағытындағы құрылымдар мен ұйымдар туралы ақпараты.
8. Оқу-әдістемелік әдебиеттер.
9. Оқытуды жүргізу үшін қажет бағдарламалық кешендер.
10. Озық және жаңашылдық тәжірибелердің мекен-жайы.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына
қатысушы-мемлекеттердің білім беру саласында ақпарат алмасу
туралы Келісіміне Әзербайжан Республикасының
ЕРЕКШЕ ПІКІРІ

Әзербайжан Республикасы 1992 жылғы 15 мамырдағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімге қатысушы емес және 3-бапты мына редакцияда қабылдайды: "Тараптар қажет болса Беларусь Республикасында жасалған "ТМД-дағы білім беру" серверін пайдаланады және ондағы ұлттық ақпараттық материалдарды уақытылы беру және жаңартуға шаралар қолданады".

Әзербайжан Республикасы
Премьер-Министрінің бірінші

орынбасары

2001 ж. 31 мамыр

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК